

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/UHGW7385>

***А. Е. Баербекова¹, Ж. Д. Рапишева², Ж. У. Есинбаева³,
А. Н. Бекмашева⁴, С. А. Кенжеғалиев⁵**

^{1,2,5}Академик Е. А. Бөкетов атындағы

Қарағанды ұлттық зерттеу университеті,

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.;

³Қазақстан Республикасы Ғылым

және жоғары білім министрлігі

Жоғары және жоғары оқу

орнынан кейінгі білім комитеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

⁴Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,

Қазақстан Республикасы, Орал қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-3217-609X>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2590-3743>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5894-7219>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7189-8952>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8412-6716>

*e-mail: baerbekova.aliya@mail.ru

«ҚАЗАҚСТАН» КОНЦЕПТІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ПРЕЦЕДЕНТТІ ЕСІМДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ӘЛЕУЕТІ (2024-2025 ЖЖ. БАҚ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада «Қазақстан» концептісін қалыптастыратын прецедентті есімдердің танымдық әлеуеті зерттеледі. Прецедентті есімдер – белгілі бір эталондық қасиеттерді бейнелейтін, ұлттық және жаһандық деңгейде танымал тұлғалардың есімдері.

Мақаланың басты мақсаты – Қазақстандық БАҚ мәтіндеріндегі Қазақстан концептісін қалыптастыратын «прецедентті есімдердің» танымдық әлеуетін сипаттап, тілдік тұрғыдан талдау.

Зерттеу нысаны ретінде 2024–2025 жж. қазақстандық БАҚ мәтіндерінде кездесетін прецедентті есімдердің семантикалық, прагматикалық және когнитивтік ерекшеліктері қарастырылады.

Мақалада прецедентті есімдердің когнитивтік және ассоциативтік әлеуеті, олардың ұлттық және халықаралық деңгейдегі

ролі нақтыланды. Зерттеу нәтижесінде «Қазақстан» концептісін қалыптастыратын негізгі прецедентті есімдер анықталды: Қасым-Жомарт Тоқаев, Димаш Құдайберген және басқалар. Сонымен қатар, жағымсыз оқиғалармен байланысты прецедентті есімдер де талданды. Прецедентті есімдердің қазіргі тұрғыдан танымдық әлеуетін анықтау үшін, арнайы эксперимент жүргізілді. Татарстан жастары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері «Қазақстан» концептісінің танымдық бейнесін айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, прецедентті есімдер ұлттық мәдениеттің, тарихи оқиғалардың және әлеуметтік құндылықтардың символы ретінде маңызды рөл атқарады. Бұл мақала прецедентті есімдердің танымдық әлеуетін зерттеуге арналған және олардың Қазақстанның ұлттық және халықаралық деңгейдегі беделін арттырудағы рөлін көрсетеді.

Кілтті сөздер: прецедентті есімдер, Қазақстан концептісі, танымдық әлеует, ұлттық код, мәдениет, саясат, ассоциативтік қабылдау, эксперимент.

Кіріспе

Әрбір халықтың мәдениеті мен тарихы, рухани болмысы оның ұлы тұлғалары мен тарихи оқиғалары арқылы көрініс табады. Мұндай тұлғалар мен оқиғалар халықтың жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін құнды мұраға айналады. Осындай есімдер мен оқиғалар тіл білімінде «прецедентті есімдер» деп аталады. Өз заманында олар жай ғана адам есімі ретінде қалыптасса да, белгілі бір оқиғаларға байланысты «прецедентті» сипат алып, халықтың ұлттық келбетін, мемлекеттің идеологиялық негіздерін айқындайтын символдық мәнге ие болады. Зерттеуіміздің негізгі нысаны «Қазақстан» концептісі болғандықтан, мемлекетіміздің, еліміздің бет-бейнесін ашатын, ұлттық кодын айқындайтын, әлемге таныта түсетін «прецедентті есімдерді» атап өтуге тура келеді. Себебі кез келген елді тек оның тарихы, территориясы, мәдениеті мен салт-дәстүрі, өнері, экономикасымен ғана емес, сол елді әлемге танымал еткен ірі тұлғалар арқылы да тануға болатынын айту керек.

Материал мен әдістері

Зерттеу мәселесі бойынша прецедентті есімдердің мағыналық құрылымын анықтау және олардың танымдық әлеуетін ашу үшін семантикалық-когнитивтік әдіс, компоненттік талдау әдісі, прецедентті есімдердің бүгінгі таңда өзектілігін айқындау үшін ассоциативтік эксперимент әдісі пайдаланылды. Аталған әдістерді қолданудың нәтижесінде тіл біліміндегі прецедентті есімдердің, оның ішінде Қазақстан концептісін

айқындайтын прецедентті есімдердің танымдық әлеуеті сипатталып, олардың өзекті мәселе екені дәлелденді.

Нәтижелер және талқылау

Тіл білімінде «прецедентті феномен» деген термин бар. Прецедентті феноменге «прецедентті есімдер», «прецедентті жағдайлар», «прецедентті айтылымдар», «прецедентті мәтіндер» жатады. Алғаш рет «прецедентті феномен» ұғымын Ю. Н. Карауловтың «Русский язык и языковая личность» еңбегінен кездестіре аламыз. Ғалым прецедентті мәтіндерді тілдік тұлға теориясының шеңберінде қарастырып, олардың қолданылуын тұлғаның коммуникативтік және іс-әрекеттік қажеттіліктерімен байланыстырады [1, 215-6.].

Прецедентті феномендер, оның ішінде прецедентті есімдерді шетелдік ғалымдардың да еңбектерінен көре аламыз [2; 3; 4].

Ғалым А. С. Әділова прецедентті феномендерді екі түрге бөледі: вербалды және вербалданатын. Ғалымның пікірінше, вербалды прецедентті феномендерге прецедентті есімдер мен прецедентті айтылымдар жатады, ал еркін вербалданатын феномендерге прецедентті мәтіндер мен прецедентті жағдайлар кіреді [5, 112-6.].

Прецеденттік есім деп белгілі бір эталондық қасиеттер жиынтығын бейнелейтін символдық есімді немесе белгілі бір прецеденттік мәтінмен не жағдаймен ассоциативті түрде байланысқан жеке есімді айтамыз [6]. Прецеденттік есім феномені күрделі құрылымды құрайды. Оның ядросы дифференциалды белгілерден тұрады, олар сыртқы келбет пен мінез ерекшеліктері, сондай-ақ прецедентті жағдайдан да құрылуы мүмкін. Прецеденттік есімнің перифериясы оның мағынасымен тығыз байланысқан атрибуттар немесе элементтер жиынтығынан тұрады [7, 174-6.]. Бастапқыда жалқы есімдер тек денотативті мағынаға ие болса, уақыт өте келе олар прецеденттік семантикалық мазмұнға иеленеді [8].

Отандық ғалымдар Ш. Мажитаева, С. Рахымберлина, Ж. Рапишевтардың пікірінше: «прецедентті есімдер – негізінен нақты адамды (оқиғаны, қаланы, нәрсені т.б.) атау үшін емес, өз бойына жинақтаған қандай да бір образды бейнелеу үшін қызмет ететін және көпшілікке танымалдығымен ерекшеленетін жалқы есімдер [9, 37–43-бб.].

Дүниежүзі халықтарының тілінде өз ұлтының тарихын, ұлттық кодын, рухани мәдениетін, ұлттық өнерін жасауда «прецедентті есімдердің» алатын орны ерекше. Олар әдебиет, өнер, ғылым, саясат немесе тарихи оқиғалар арқылы ұлттың мәдени өмірінде маңызды рөл атқара отырып, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Прецеденттік есімдер ұлттық менталитет пен мәдениетті бейнелейтін маңызды құрал. Мысалы, әлемге танымал Эйнштейн, Тесла, ал қазақ халқына тән Алдар Көсе, Асанқайғы есімдері бар.

Цифрлық технологиялар дәуірінде прецедентті феномендердің негізгі көзі бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер болып табылады. Бұрын танымал болу үшін көп уақыт қажет болса, бүгінде бұл процесс қысқа мерзімде жүзеге асады.

Өзбек зерттеушісі Д. Худайбергенованың «Til. Tafakkur. Madaniya» деген еңбегінде прецедентті есімдердің екі маңызды қасиеті туралы сөз болады: біріншісі – танымалдылық, яғни тіл иелерінің тілдік жадында берік орын алуы, екіншісі – символдық, яғни белгілі бір қасиеттер жиынтығының үлгісі болуы [10, 41-б.].

Прецеденттік есімдер әрдайым танымалдылық пен эталондық қасиеттерді қатар көрсете бермейді. Кейбір есімдер тек танымалдылықпен шектелсе, ал басқалары белгілі бір менталитеттің қайталанбас тілдік бейнесін білдіретін эталонға айналады.

Осы зерттеу мақаламызда прецедентті есімдерді шартты түрде шығу тегі мен қолданылу саласына байланысты бірнеше мағыналық топтарға бөліп, төмендегі кесте (Кесте 1) арқылы бердік:

1-кесте – Прецедентті есімдердің мағыналық топтары

Категория	Прецедентті есімдер
Әдеби прецедентті есімдер	Дон Кихот (идеализм), Гамлет (күмән), Анна Каренина (трагедиялық махаббат), Қозы Көрпеш-Баян сұлу (мәңгілік махаббат)
Мифологиялық прецедентті есімдер	Зевс, Афродита, Прометей, Қорқыт ата, Асан Қайғы, Томирис
Тарихи прецедентті есімдер	Наполеон (амбиция), Гитлер (диктатура), Абылай хан (бірлік), Кенесары хан (тәуелсіздік)
Діни прецедентті есімдер	Иисус Христос, Мұхаммед пайғамбар, Нұқ пайғамбар, Будда
Кино және мәдениетке қатысты есімдер	Гарри Поттер, Джеймс Бонд, Шерлок Холмс, Алдар Көсе, Қожа
Фольклорлы прецедентті есімдер	Ер Төстік, Мыстан кемпір, Қорқыт ата, Қаңбақ шал
Ғылыми және философиялық есімдер	Эйнштейн, Дарвин, Сократ
Саяси прецедентті есімдер	Черчилль, Рузвельт, Сталин, Ленин, Путин, Назарбаев, Тоқаев
Спорт саласына байланысты есімдер	Пеле, Майкл Джордан, Криштиану Роналдо, Геннадий Головкин
Өнер саласына байланысты есімдер	Моцарт, Бетховен, Лучиано Паваротти, Димаш Құдайберген

Коммерциялық және брендтік есімдер	Коко Шанель, Луи Витон, Аида Кауменова
Жағымсыз оқиғаларға байланысты есімдер	Серік «Голова», Бишімбаев ісі, Шерзат оқиғасы, Салтанат эффектісі

Қазақстанды әлемге танымал еткен прецедентті есімдердің қатарына бірнеше тұлғаларды жатқызуға болады. Олар ұлтымыздың мәдени кодын, құндылығы мен дүниетанымын саясат, ғылым, өнер, спорт саласы жағынан бейнелейді.

Қазақстанды қазіргі тұрғыдан әлемге танымал етіп жүрген саяси қайраткер, дипломат, еліміздің президенті – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Оның есімі еліміздің саяси тарихында айрықша маңызға ие болып, прецеденттілік ұғымымен тығыз байланысты. Прецеденттілік белгілі бір тұлғаның немесе оқиғаның саясат, мәдениет, қоғам немесе басқа да салаларда ерекше рөл атқарып, маңызды ықпал етуін сипаттайды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың қызметі Қазақстанның саяси жүйесінде және халықаралық аренада бірқатар елеулі өзгерістер мен бастамалардың жүзеге асуына негіз болғандықтан, оның есімі осындай маңыздылыққа ие деп бағаланады: *Саяси кеңестің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа арнаған Жолдауындағы саяси реформалар легі негізгі тақырыпқа айналды. (egemen.kz). Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты. – (primeminister.kz)*.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың есімі Қазақстанның саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуында маңызды рөл атқарған тұлға ретінде тарихта қалады. Оның бастамалары мен реформалары елдің болашағына бағытталған жаңа жолды айқындады. Оның есімі прецеденттілікке ие, себебі ол Қазақстанның саяси жүйесінде жаңа дәуірдің басталуына себепкер болды және елдің халықаралық аренадағы беделін нығайтуға үлес қосты дей аламыз.

Димаш Құдайберген – таңғажайып дауысы мен шеберлігі арқылы қазақ мәдениетін әлемге танытқан ерекше дарынды әнші әрі мәдениет елшісі. Ол ұлттық музыка мен өнерді жаһандық деңгейде насихаттап, еліміздің мәдени мұрасын дәріптеді. Оның әлемдік деңгейдегі вокалдық шеберлігі туралы сөз қозғасақ, Димаштың вокалдық 6 октаваны құрайтын диапазоны оны әлемдік музыка сахнасында бірегей тұлғаға айналдырды. Ол 2017 жылы Қытай елінде өткен «I Am Singer» конкурсында екінші орын алып, әлемдегі миллиардтаған көрерменнің жүрегін жаулап алды. Аталған байқаудан кейін, оның аты халықаралық деңгейде бірден таныла бастады. Оның танымалдылығының арқасында Қазақстанға мыңдап туристер келе бастады.

MTV Global Chinese Music Awards, Top Chinese Music Awards сияқты халықаралық марапаттарға ие болған Димаш әлемнің түкпір-түкпірінде өзінің жеке концерттерін өткізіп, әр елде миллиондаған тыңдарман жинады. Димаш өз өнерін Лондон, Нью-Йорк, Мәскеу, Париж сияқты әлемнің ірі қалаларында аншлаппен өткізді. Ал бұл өз кезегінде Қазақстанның мәдениеті мен өнерін, оның ішінде музыка саласын жаһандық деңгейде танымал етуге үлкен ықпал жасады. Димаштың әлемде миллиондаған тыңдармандардан тұратын 200-ден астам фан-клубы бар, ал ол өз жанкүйерлерін «dears» деп атайды. Әлемдік деңгейде мұндай фан-клуб қазақстандық әншілердің ішінде тек Димашта ғана бар деп есептейміз. Instagram желісінде #dimash хэштегімен қазір миллионнан астам жазба бар, ал қытайлық Weibo желісінде Димаш туралы жазбалар саны 12 миллиардтан асады екен.

Әлемдік БАҚ пен әлеуметтік желіде қазір де отандасымыз Димаш туралы көп жазады [11; 12]. Жоғарыда атап өткендей, Д. Худайбергенованың прецедентті есімдердің екі қасиеті де Димаш Құдайбергеннің феномендігін айқындай түседі. Оның есімі эталондық қасиетке ие болғанын мына мысалдар арқылы да дәлелдей аламыз: *Желі жұлдызына айналған «Кішкентай Димаш» кім?* ([facebook.com](https://www.facebook.com)). *«Екінші Димаш»: Жас әнші ерекше дауысымен елді тамсандырды* (baq.kz). *Қазақтаннан екінші Димаш шықты* (old.aqmeshit-zhastary.kz).

Димаш Құдайберген – Қазақстанды әлемге танытқан ерекше тұлға. Оның өнері мен мәдениетке деген сүйіспеншілігі және халықаралық сахнадағы жетістіктері еліміздің беделін жаңа деңгейге көтерді.

Прецедентті феномендер шығу тегінің ортақтығына байланысты, бір-бірінің символы немесе атрибуты ретінде көрінуі мүмкін. Прецеденттік есімдердің когнитивтік әлеуетін зерттеген Е. В. Петрованың пікірінше, танымал автордың прецедентті есімі оның шығармаларындағы таныс жолдарды (прецедентті айтылым), шығармаларының тұтас сюжеттерін (прецедентті мәтіндер), жеке өмірбаянындағы деректерді (прецедентті жағдайлар) санада жаңғыртуы мүмкін [13, 41-б.]. «Бишімбаев ісі» Куандық Бишімбаевтың жасаған қылмысымен байланысты жағымсыз прецедентті есімдердің мысалы болып табылады. Қазіргі БАҚ пен әлеуметтік желілерде «Шерзат оқиғасы», «Салтанат эффектісі», «Салтанат заңы» сияқты ұғымдар да белсенді қолданыста. 2023 жылдың қараша айында бұрынғы ұлттық экономика министрі Куандық Бишімбаев әйелі Салтанат Нүкенованы аяусыз өлтіргені туралы Қазақстан ғана емес, бүткіл әлем дүрлігіп жазды деуге болады. Бишімбаевқа қатысты сот процесінің онлайн-трансляциясы «[washingtonpost.com](https://www.washingtonpost.com)», «[dw.com](https://www.dw.com)», «[rferl.org](https://www.rferl.org)», «[france24.com](https://www.france24.com)», «[theleftberlin.com](https://www.theleftberlin.com)», «[indiatvnews.com](https://www.indiatvnews.com)», «[aljazeera.com](https://www.aljazeera.com)», «[ekuzbass.ru](https://www.ekuzbass.ru)», «[caspianpost.com](https://www.caspianpost.com)» т.б. шетелдік БАҚ-та айтылды. Жалпы процесс пен үкім туралы

«Reuters», «Washington Post», «Associated Press», «Daily Mail», «Al Arabiya», «BBC News» және басқа да басылымдар жарыса жазды. Аты шулы сот процесін тікелей эфирде тек қазақстандықтар ғана емес, АҚШ, Германия, Ұлыбритания, БАӘ, Австралия, Түркия, Оңтүстік Корея, Бангладеш, Ресей, Грузия, Молдова, Польша, Беларусь, Украина, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және басқа елдердің тұрғындары көрді.

Әлемдегі ең ірі халықаралық жаңалықтар агенттіктерінің бір Reuters Бишімбаевқа қатысты сот процесі туралы: «44 жастағы Қуандық Бишімбаев азаптау және кісі өлтіру бойынша кінәлы деп танылды. Соңғы жеті аптадан бері тікелей эфирде көрсетілген оның соты биліктің элита енді заңнан жоғары емес деген хабарды жеткізу әрекеті ретінде бағаланып отыр» [14] десе, ал америкалық Washington Post басылымы Салтанат Нүкенованың өлтірілуі реформаларға алып келгенін атап өтеді [15]. Associated Press агенттігі «сот процесі елдегі алғашқы ғаламтордағы тікелей көрсетілген іс болды, ал оған қатысты пікірталастар әлеуметтік желілерде басымдыққа ие болды» деп атап өтті [16].

«Бишімбаев ісі» Қазақстанды әлемге жағымсыз қырынан танытып, қоғамда заңның үстемдігі мен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселелерін талқылауға түрткі болды. Бұл іс сот процесінің алғаш рет ашық онлайн трансляцияда өтуімен ерекшеленіп, әділдікке деген сенімді арттырды.

«Бишімбаев ісі» тіпті психология ғылымында да танымал тұлғаға айналып үлгерді. Психолог Александр Вронский Бишімбаевқа «қатерлі нарцисс» деген диагноз шығарған. Сонау 1964 жылы танымал психолог Эрих Фромм «қатерлі нарциссизм» ұғымын сипаттаған болатын. Нарцисстер өздерін ерекше, ұлы тұлға ретінде көреді, ал өзгелерді төмен санайды. Олардың эгосы өздерінің «ұлы МЕНі» мен басқалардың әлсіздігіне негізделген. Мұндай адамдар ең үлкен және ең қауіпті манипуляторлар болып табылады. Олар өздерін өзгелерден ақылдырақ деп есептейді, оларға көбінесе манипуляцияның өзі, сол сәттің процесі маңыздырақ екен.

Бишімбаевтың есімінің танымалдылығы сонша, тіпті соған ұқсас қылмыстарды да оның есімімен салыстыра бастадық. БАҚ беттерінде «екінші Бишімбаев, Бишімбаев сияқты, Бишімбаевша, Бишімбаев емеспін, Бишімбаев уақиғасы, Бишімбаев ісі» т.б. тіркестер пайда бола бастады: «*Актер Шәріп Серікті «екінші Бишімбаев» етіп көрсеткен видео авторы жазасыз қалды*» (inbusiness.kz), «*Қазақ билігінде Бишімбаев сияқты қанша министр бар*» (ratel.kz), «*Күйеудің бәрі Бишімбаев сияқты деген сөз де емес*» (ernur.kz), (adebiportal.kz), «*Бишімбаев емеспін*»: бұрынғы әйелін аяусыз соққыға жыққан ер адам халықтан кешірім сұрады» (ult.kz).

Жоғарыда айтылған мәселелерді қорытындылау нәтижесінде Татарстан Республикасының Қазан қаласындағы Қазан Федералды университетінің

филология, педагогика және тарих білім беру бағдарламаларының студенттерінен сауалнама алдық. Экспериментке 17–20 жас аралығындағы 100 адам қатысты. Сауалнама 2025 жылдың сәуір айында өткізілді. Қағазбен таратылып, офлайн форматында өтті. Сауалнама парағы зерттеліп жатқан «Қазақстан, Ресей, Америка» концептілері ментальдық бірлік ретінде қалыптастыратын когнитивтік және ассоциативтік анықтауға бағытталған 7 сұрақтан тұрды. Бірақ біз осы мақаламызға қатысты, яғни «прецедентті есімдерді» айқындайтын тек 2-ші сұрағы бойынша ғана талдау жасадық:

2. Қазақстан/Ресей/Америка елдерімен сіздің ойыңызда қандай танымал тұлғалар (саясаткерлер, әртістер, ғалымдар т.б.) ассоциацияланады?

Қазақстан _____


Ресей _____

Америка _____

Зерттеу Қазан қаласы студенттерінің Қазақстан, Ресей және Америка елдеріне танымал тұлғалар арқылы ментальдік бейнесін анықтауға бағытталған. Ол әр елдің мәдени, тарихи және әлеуметтік маңыздылығын «прецедентті есімдер» мен танымдық деңгей арқылы талдауды көздейді.

Эксперимент нәтижесінде Қазақстан концептісіне байланысты (2-ші сұрақ бойынша) 15 жауап-реакция алынды. Алынған мәліметтер жинақталып, іріктеліп, төмендегі диаграммаға (Диаграмма 1) жүйеленді.

1 – диаграмма – «Қазақстан» концептісін қалыптастыратын прецедентті есімдер



Жүргізілген зерттеу мәліметтері бойынша, 17–20 жас аралығындағы Татарстан жастарының тілдік санасында ең жоғары басымдыққа ие тұлға – Нұрсұлтан Назарбаев. Бұл прецедентті есім реакциялардың жиілік көрсеткіші бойынша ең жоғары мәнге ие – 25, яғни жалпы жауап реакцияларының ең үлкен пайызын құрайды – 20,6 %. Қазан қаласының жастарына Н. Назарбаевтың танымал болуының бір себебі – Қазан қаласының қақ орталығында ең үлкен көше Нұрсұлтан Назарбаевтың атында болуы.

Татарстан жастарының танымында «Қазақстан» концептісі, оның ең танымал бейнесі, яғни Скриптонит тұлғасы арқылы ашылады (17 реакция). Скриптонит (Әділ Оралбекұлы Жәлелов) – қазақстандық рэп-орындаушы, битмейкер, Gazgolder лейблінің мүшесі. Ол 2021 жылы ТМД елдеріндегі ең танымал әнші болды. Скриптонит біздің зерттеуіміздің екінші позициясында, яғни 14,04 %-ды құрайды.

3-ші орынға қазақстандық әзілкеш, стэнд-ап жанрындағы қойылымдардың үздігі Нұрлан Сабыров (Нурлан Сабуров) жайғасты. Ол өзін 2013 жылы «Ашық микрофон» («Открытый микрофон») айдарында ТНТ-дағы «Stand Up» шоуында сынап көрді. Эксперимент нәтижесінде Қазақстандық әзілкеш 16 реакция жинап, 13,22 %-ды құрады.

Әлемдегі үздік дипломаттардың бірі, Президентіміз Қ. Ж. Тоқаев 4-ші орынды иеленіп, «Қазақстан» концептісінің 11,7 %-ын құрады (14 реакция).

Бірдей 11 реакцияға ие болған қазақ халқының ерекше екі тұлғасы – ұлы ақыны Абай мен әнші Димаш. «Қазақстан» концептісі жас мамандардың рухани құндылықтары тұрғысынан, ең алдымен, классикалық әдебиет және шығармашылықпен байланыстырылады. Әлемдік мәдениеттің тұлғасы Абай мен қазақты әлемге танытқан Димаш 100%-дың 9,09 %-ын құрады. Жастар арасында көпшілікке танымал болған, қазақстандық шығармашылық топ Ирина Қайратовна 10 реакция жинап, 8,26 % жинаса, 7,43 %-бен Бишімбаев 7-ші орынға шықты. Салтанат Нүкенова 2 реакция, яғни 1,65 % пайызды құраса, ең соңғы 9-шы орынға ұлы жазушымыз М.Әуезов, GGG атымен танымал атақты кәсіпқой боксшы Геннадий Головкин, кинорежиссёр Тимур Бекмамбетов, хит әншілер Иманбек, Djan Khalib, Limba шықты.

Экспериментімізді қорытындылайтын болсақ, сауалнама сұрақтарына 121 жауап-реакция алынды. Эксперименттің нәтижесі бойынша, респонденттердің берген жауабына қарай «Қазақстан» концептісіне қатысты 15 прецедентті есім талданды. Оның 2-уі саяси тұлға (Н.Назарбаев, Қ.Тоқаев) болса, 2-уі ақын-жазушылар (Абай, М.Әуезов), әлеуметтік мәселелерге қатысты есімдер – 2 (Бишімбаев, Салтанат Нүкенова), кино (Тимур Бекмамбетов), спорт саласына (Геннадий Головкин), әзілге (Нұрлан Сабуров) қатысты бір-бірден болса, музыка өнері (Димаш Құдайберген, Скриптонит, Ирина Қайратовна, Иманбек, Djan Khalib, Limba) қатысты 6 прецеденттік есім аталады.

Жоғарыдағы диаграммаға сәйкес, ең көп реакция саяси тұлғалар мен музыкаға қатысты тұлғаларға тиесілі. Бұған бүгінгі заманның бұқаралық ақпарат құралдарының 4-ші түрі ғаламтордың, оның ішінде әлеуметтік желілердің (Инстаграмм, Фейсбук, Тик-Ток, Телеграмм, Твиттер т.б.) әсері екені даусыз.

Сауалнамамыз анонимді түрде жүргізілді. Респонденттер өз жауаптарында бастан кешкен жағдайларды нақты сипаттауға тырысқаны байқалады, бұл олардың экспериментке шынайы және жауапкершілікпен қатысқанын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл «Қазақстан» концептісі жастардың тілдік санасында өзекті екенін дәлелдейді. Мұндай қызығушылық тек олардың жас ерекшеліктерімен ғана емес, сонымен бірге осы концептінің қазіргі бауырлас ел татар жастары үшін ерекше маңызға ие екендігімен де байланысты.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері «Қазақстан» концептісін қалыптастыратын прецедентті есімдердің ұлттық және халықаралық деңгейдегі танымдық әлеуетін айқындауға мүмкіндік берді. Прецедентті есімдер – халықтың тарихи, мәдени және әлеуметтік болмысын бейнелейтін маңызды когнитивтік құрал. Олар ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда, елдің мәдени кодын сақтауда және жаһандық деңгейде танытуда ерекше рөл атқарады.

Зерттеу барысында анықталғандай, Нұрсұлтан Назарбаев, Қасым-Жомарт Тоқаев, Димаш Құдайберген сияқты тұлғалар Қазақстанның саяси, мәдени және тарихи бейнесін қалыптастыратын негізгі прецедентті есімдер болып табылады. Сонымен қатар, жағымсыз оқиғалармен байланысты прецедентті есімдер, мысалы, «Бишімбаев ісі», Қазақстанның халықаралық аренадағы беделіне кері әсерін тигізуі мүмкін екенін көрсетті.

Татарстан жастары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері Қазақстанның танымал тұлғаларының шетелдік аудиторияның санасында айқын бейнеленгенін дәлелдеді. Әсіресе, Нұрсұлтан Назарбаев, Қасым-Жомарт Тоқаев, Димаш Құдайбергеннің есімдері Қазақстанның халықаралық деңгейдегі символдары ретінде қабылданатыны анықталды. Бұл Қазақстанның мәдениеті мен саясатының шетелдік аудиторияға әсер ету әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Караулов, Ю.** Русский язык и языковая личность. – М., 2010. – С. 264.
- 2 **Barthes R.** Theory of the Text / R. Barthes // Untying the Text; a post-structuralist reader / ed. R. Young. – London : Routledge and Kegan Paul, 1981. – P. 31–47.
- 3 **Барт P. S.** / Z. / Роланд Барт. – М. : Эдиториал УРСС, 2001. – 231 с.
- 4 **Velykoroda Y.** Ludic Function of Precedent-Related Phenomena in Media Discourse // Journal of Vasyl Stefanyk Precarpathian National University. – 2010. – № 3(4). – P. 70–75. <https://doi.org/10.15330/jpnu.3.4.70-75>.

5 **Әділова, А. С.** Қазіргі қазақ көркем мәтіндеріндегі цитация құбылысы. Монография. – Алматы : Эверо, 2015. – 252-б.

6 **Гудков, Д. Б.** Теория и практика межкультурной коммуникации / Д. Б. Гудков. – М. : Гнозис, 2003. – 288 с.

7 **Красных, В. В.** «Свой» среди «чужих» : миф или реальность? / В. В. Красных. – М.: Гнозис, 2003. – 375 с.

8 **Нахимова, Е. А.** Прецедентные имена в массовой коммуникации: монография // ГОУ ВПО «Урал. гос. пед. ун-т» Ин-т социального образования. – Екатеринбург, 2007. – 207 с.

9 **Мажитаева, Ш. М., Рахымберлина, С. Ә., Рапишева, Ж. Д.** Қазақ ономастикалық кеңістігіндегі прецедент есімдердің табиғаты // Қарағанды университетінің Хабаршысы, Филология сериясы. – № 1(73). – 2014 – 37–43-б.

10 **Худайбергана, Д.** Тил. Тафаккур. Маданият : Илмий рисола. Д. Худайбергана. – Тошкент : Нодирабегим, 2020. – 120-б.

11 Kazakh superstar Dimash on his genre-defying music, heritage and the World Nomad Games [Электрондық ресурc]. – <https://www.euronews.com/culture/2024/09/17/kazakh-superstar-dimash-on-his-genre-defying-music-heritage-and-the-world-nomad-games>

12 By Chen Nan Kazakh singer's popularity continues to grow in China [Электрондық ресурc]. – <https://www.chinadailyhk.com/hk/article/290312>

13 **Петрова, Е. В.** Когнитивный потенциал прецедентного имени. Дис... на соискание уч. степени канд. филол. наук. – Красноярск, 2023. – 194 с.

14 Former Kazakh minister gets 24 years in prison for murdering wife [Электрондық ресурc]. – <https://www.reuters.com/world/asia-pacific/former-kazakh-minister-gets-24-years-prison-murdering-his-wife-2024-05-13/>

15 The Washington Post назвал дело Бишимбаева поворотным для Казахстана и указал на недостатки «Закона Салтаната» [Электрондық ресурc]. – <https://ru.qaz365.kz/society/6459-the-washington-post-nazval-delo-bishimbaeva-povorotnym-dlia-kazakhstana-i-ukazal-na-nedostatki-zakona-saltana/>, <https://www.washingtonpost.com/>

16 A murder case in Kazakhstan led to domestic violence reforms. It ends with a prison sentence [Электрондық ресурc]. – <https://apnews.com/article/kazakhstan-domestic-violence-trial-verdict-d219256c89d55dc6fdf3165883c8c63f>

References

1 **Karaulov, Yu.** Russkij yazy`k i yazy`kovaya lichnost` [Russian language and linguistic personality]. – М., 2010. – P. 264.

2 **Barthes, R.** Theory of the Text / R. Barthes // Untying the Text; a post-structuralist reader / ed. R. Young. – London : Routledge and Kegan Paul, 1981. – P. 31–47.

3 **Bart, R. S.** / Z. / Roland Bart. – M. : E'ditorial URSS, 2001. – 231 p.

4 **Velykoroda Y.** Ludic Function of Precedent-Related Phenomena in Media Discourse // Journal of Vasył Stefanyk Precarpathian National University, 2010. – № 3(4). – P. 70–75. – <https://doi.org/10.15330/jpnu.3.4.70-75>.

5 **Ədilova, A. S.** Қазиргі қазақ көркем мәтіндеріндегі citaciya қыбы'ly'sy' [The phenomenon of quotation in modern Kazakh literary texts]. Monografiya. – Almaty' : E'vero, 2015. – 252 p.

6 **Gudkov, D. B.** Teoriya i praktika mezhkul'turnoj kommunikacii / D. B. Gudkov [Theory and practice of intercultural communication]. – M. : Gnozis, 2003. – 288 p.

7 **Krasny`x, V. V.** «Svoj» sredi «chuzhix»: mif ili real`nost`? / V. V. Krasny`x [«Ours» among «strangers» : myth or reality?]. – M. : Gnozis, 2003. – 375 p.

8 **Naximova, E. A.** Precedentny'e imena v massovoj kommunikacii : monografiya / GOU VPO «Ural. gos. ped. un-t» In-t social'nogo obrazovaniya [Precedent names in mass communication: monograph]. – Ekaterinburg, 2007. – 207 p.

9 **Mazhitaeva, Sh. M., Raxy`mberlina, S. Ə., Rapisheva, Zh. D.** Қазақ onomastikalы`қ кеңістігіндегі precedent есімдердің табираты' [The nature of precedent names in the Kazakh onomastic space] // Қарағанды' университетінің Хабаршы'sy', Filologiya seriyasy'. – №1(73). – 2014. – 37-43 p.

10 **Xudajberganova, D.** Til. Tafakkur. Madaniyat: Ilmij risola. D. Xudajberganova [Language. Thinking. Culture: A Scientific Treatise.]. – Toshkent : Nodirabegim, 2020. – 120 p.

11 Kazakh superstar Dimash on his genre-defying music, heritage and the World Nomad Games [Electronic resource]. – <https://www.euronews.com/culture/2024/09/17/kazakh-superstar-dimash-on-his-genre-defying-music-heritage-and-the-world-nomad-games>

12 By Chen Nan. Kazakh singer's popularity continues to grow in China [Electronic resource]. – <https://www.chinadailyhk.com/hk/article/290312>

13 **Petrova, E. V.** Kognitivny`j potencial precedentnogo imeni [The cognitive potential of a precedent name]. Diss...na soiskanie uch. stepeni kand. filol. nauk. Krasnoyarsk, 2023. – 194 p.

14 Former Kazakh minister gets 24 years in prison for murdering wife [Electronic resource]. – <https://www.reuters.com/world/asia-pacific/former-kazakh-minister-gets-24-years-prison-murdering-his-wife-2024-05-13/>

15 The Washington Post nazval delo Bishimbaeva povorotny`m dlya Kazaxstana i ukazal na nedostatki «Zakona Saltanata» [The Washington Post

called the Bishimbayev case a turning point for Kazakhstan and pointed out the shortcomings of the «Saltanat Law»] [Electronic resource]. – <https://ru.qaz365.kz/society/6459-the-washington-post-nazval-delo-bishimbaeva-povorotnym-dlia-kazakhstana-i-ukazal-na-nedostatki-zakona-saltana/>, <https://www.washingtonpost.com/>

16 A murder case in Kazakhstan led to domestic violence reforms. It ends with a prison sentence [Electronic resource]. – <https://apnews.com/article/kazakhstan-domestic-violence-trial-verdict-d219256c89d55dc6fdf3165883c8c63f>

01.10.25 ж. баспаға түсті.

30.10.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Е. Баербекова¹, Ж. Д. Рапишева², Ж. У. Есинбаева³,

А. Н. Бекмашева⁴, С. А. Кенжеғалиев⁵

^{1,2,5}Қарағандинский национальный

исследовательский университет имени Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда;

³Комитет высшего и послевузовского

образования Министерства науки

и высшего образования Республики Казахстан,

Республика Казахстан, г. Астана;

⁴Западно-Казахстанский

инновационно-технологический университет,

Республика Казахстан, г. Уральск.

Поступило в редакцию 01.10.25.

Поступило с исправлениями 30.10.25.

Принято в печать 25.11.25.

КОГНИТИВНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ПРЕЦЕДЕНТНЫХ ИМЕН, ФОРМИРУЮЩИХ КОНЦЕПТ «КАЗАХСТАН» (НА МАТЕРИАЛЕ СМИ 2024-2025 ГГ.)

В статье исследуется когнитивный потенциал прецедентных имен, формирующих концепт «Казахстан». Прецедентные имена представляют собой имена известных личностей, которые символизируют эталонные качества и имеют национальную или глобальную известность.

Основной целью статьи является описание когнитивного потенциала прецедентных имен, встречающихся в текстах казахстанских СМИ 2024–2025 гг., и их лингвистический анализ.

Объектом исследования стали семантические, прагматические и когнитивные особенности прецедентных имен, используемых в СМИ. В статье рассматриваются когнитивный и ассоциативный потенциал прецедентных имен, а также их роль на национальном и международном уровнях. В результате исследования были выявлены ключевые прецедентные имена, формирующие концепт «Казахстан»: Нурсултан Назарбаев, Касым-Жомарт Токаев, Димаш Кудайберген и другие. Также были проанализированы прецедентные имена, связанные с негативными событиями. Для определения современного когнитивного потенциала прецедентных имен был проведен специальный эксперимент. Результаты опроса, проведенного среди молодежи Татарстана, позволили уточнить когнитивный образ концепта «Казахстан». Исследование показало, что прецедентные имена играют важную роль как символы национальной культуры, исторических событий и социальных ценностей. Данная статья посвящена изучению когнитивного потенциала прецедентных имен и их роли в укреплении национального и международного имиджа Казахстана.

Ключевые слова: прецедентные имена, концепт «Казахстан», когнитивный потенциал, национальный код, культура, политика, ассоциативное восприятие, эксперимент.

**A. E. Baerbekova¹, Zh. D. Rapisheva², Zh. U. Yessinbayeva³,
A. N. Bekmasheva⁴, S. A. Kenzhegaliev⁵*

^{1,2,5}Karaganda Buketov national research University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda;

³Committee of Higher and Postgraduate
Education of the Ministry of Science and Higher
Education of the Republic of Kazakhstan,
Republic of Kazakhstan, Astana;

⁴West Kazakhstan Innovation
and Technological University,
Republic of Kazakhstan, Uralsk.

Received 01.10.25.

Received in revised form 30.10.25.

Accepted for publication 25.11.25.

**COGNITIVE POTENTIAL OF PRECEDENT
NAMES FORMING THE CONCEPT «KAZAKHSTAN»
(BASED ON MEDIA MATERIALS FROM 2024–2025)**

The article explores the cognitive potential of precedent names that shape the concept «Kazakhstan». Precedent names refer to the names of well-known individuals who symbolize exemplary qualities and are recognized on national or global levels.

The primary goal of the article is to describe the cognitive potential of precedent names found in Kazakhstani media texts from 2024–2025 and to conduct their linguistic analysis.

The research focuses on the semantic, pragmatic, and cognitive features of precedent names used in media. The article examines the cognitive and associative potential of precedent names, as well as their role on national and international levels. The study identified key precedent names forming the concept «Kazakhstan», including Nursultan Nazarbayev, Kassym-Jomart Tokayev, Dimash Kudaibergen and others. Additionally, precedent names associated with negative events were analyzed. To determine the contemporary cognitive potential of precedent names, a special experiment was conducted. The results of a survey among the youth of Tatarstan helped clarify the cognitive image of the concept «Kazakhstan». The study revealed that precedent names play a significant role as symbols of national culture, historical events, and social values. This article is dedicated to the study of the cognitive potential of precedent names and their role in enhancing Kazakhstan's national and international image.

Keywords: precedent names, concept «Kazakhstan», cognitive potential, national code, culture, politics, associative perception, experiment.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz